

Халық қолөнерінің түрлері. Материалдар мен құрал- жабдықтар



Woman
Only

Сабақ мақсаттары

Оқушылар:

- Киіз өнімдерінен бұйым жасауға қажетті құрал-жабдықтармен танысады;
- Халық қолөнері түрлері туралы біледі;
- Бұйымдарды әшекейлеуде қазақтың ұлттық ою-өрнектерін қолдана біледі;

Бағалау критерийлері:

- Сабақ үстіндегі іс-әрекеттерде белсенділік танытады;
- Берілген тапсырмаларды орындайды;
- Халық өнері түрлерін зерттейді.

Тері өңдеу өнері


Теріден әртүрлі киімдерді жасаған, мәселен – аяқ киім, белбеу, әр салада қолданылатын ыдыстар, ат әбзелдері, қорамсақ т.б. Сонымен қатар теріден сандық жасау ісі де кеңінен тараған. (жағлан - шабадан - чемодан) т.б. Теріден жасалған өнімдер: (ішік), дақы, жақы, жарғақ (тұлып). Қасқыр, түлік, бұлғын секілді аңдарт терісінен ішік тіккен. Терілердің түгін ішіне қаратып бет жағын қатты материямен қаптап – шекпен. Теріден тігілген бас киім - бөрік.

Халық: «Кемер белбеу белге сән,

Кемелді жігіт елге сән», - деп текке айтпаған.

Теріге түрлі бейнелерді таңбалай отырып әртүрлі ыдыстар жасалынған, аталған ыдыстар әдетте сұйықтықты ұзақ жолға алып жүруге арналған ыдыстар қатары: торсық, саба, сүйретпе, мес. Жылқы және ірі қара терісінен - шелек, бие және түйе саууға арнап – көнек жасаған. Қоғамда аяқ киімді тігіп, кем-кетігін түзейтін – етікші болды.

Аяқ киімге арналған қалың тері түрі - көн. Иленген теріні – былғары деп атады. Шеберлер тіккен аяқ киім - етік, мәсімен кибге арнап – кебіс тіккен. Ыдыстар және аяқ киімдер жануарлар сіңірлерінен алынған – тарамыс көмегімен тігілді. Күміс белдікті кез келген қазақ жасай білсе, қамшыны өрімдей тоқуды – өрімші жасаған. Қамшы өрудің көптеген түрі қолданылады, соның ішінде 3 таспадан 32 таспаға дейін жететін түрі кіреді. Өрімдер домалақ, жұмыр, төртқырлы болып келеді. Қамшының қарапайым түрінің бірі — бишік. Ол қамшыға қарағанда қарапайым, өрімі сабынан үш-төрт есе, кейде одан да ұзын болуы мүмкін. Өрім алғашқы басында жуан болып ұшына қарай жіңішкере береді. Қамшыны жасау үшін ең бірінші теріні илеп, иін қандырып, қайыс өндеп шығару қажет.




Зергерлік өнер

Қазақ халқының зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Қазақ зергерлері көбіне жеке – дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр – сырын ұрпақтан – ұрпаққа үйретіп отырған. Зергерлердің басты жұмысы – қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған – әйелдердің әшекей бұйымдарын жасау. Халық зергерлері көбінесе білезік, өңіржиек, сақина, сырға, түйреуіш, ілгек, шашбау, шолпы, алқа, қапсырма, жүзік сияқты адамдардың өз бойындағы әсемденетін заттарды жасады. Осы әшекейге орнатылған тастардың белгілі мән-мағаналары да бар.



Ер-тұрман

Ер-тұрман – атқа салт мініп жүруге қажетті жабдықтардың жиынтық аты. Ер-тұрманға ерден басқа тоқым, желдік, тебінгі, үзеңгі, үзеңгі бау, таралғы, тартпа, айыл (төс айыл, шап айыл), өмілдірік, құйысқан, жүген, шылбыр, тізгін, ат көрпе, көпшік, пыстан, кежім, қамшы, шідер, тұсамыс, кісен, қанжыға жатады. Әйелдерге арналған ер-тұрман (тоқым, үзеңгі, үзеңгі бау, таралғы, ноқта, жүген, сулық, айыл, өмілдірік, құйысқан, пыстан, шеттік, сауырлық, салпыншақ) әшекейленеді. Ерлерге арналған ер-тұрман жеңіл, ықшам, көбінесе мүйіз, сүйекпен, әшекейленеді. Ер-тұрман «ер-тоқым» деп те аталады.



Изделия из дерева и камня



Ағаш бұйымдардың шеберлері киіз үй, арбалар, үлкен ағаш бұйымдар орындаған.

IX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған Музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Біздің елімізді, ұлтымызды танытатын бірден бір бұйым – домбыра. Домбыраның күмбірлеген үні қазіргі кезде бүкіл дүние жүзін шарлап кетті. Домбырасыз ұлтымыздың өмірін елестету мүмкін емес. Домбыра қазақ халқының арасында өте кең тараған қос ішекті шертіп ойнайтын аспап. Домбыраның ән сүйемелдеуге, күйге арналған түрлері болады. Күйге арналған домбыраның шанағы үлкендеу, мойыны ұзын болып келеді.




Өзіндік жұмыс кезеңі (20 мин.).

Тапсырма:

4 командаға бөлініп, ою-өрнек жасаныз

- * I топ - геометриялық ою-өрнектерді қағаздан оясындар;
- * II топ - өсімдік ою-өрнектерді оясындар;
- * III топ - зооморфтық ою-өрнектер;
- * IV топ - космогониялық ою-өрнектер.



Тапсырмаға дескрипторлар:

- Ою-өрнек түрін анықтайды (геометриялық, өсімдік, зооморфтық, космогониялық);
- Тиісті тапсырма бойынша қазақ ұлттық ою-өрнектін суретін орындайды (қағазды бүктеп, ою суретін бейнеленіз);
- Ою-өрнекті ұқыпты, эстетикалық талаптарға сай қағаздан ояды;
- Ою-өрнек үшін фонның түсін сауатты таңдайды (ойып, қағазға жапсырындар).

Жұмыстарды талдау. Бағалау

Командалардың жұмыстарын талдау. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Ұнаған жұмыстарға стикерлер жабыстыру.

Рефлексия:

Әрбір оқушы стикерде жазады:

- Сабақта қызықты болды ма?
- Не ұнады?
- Неге үйрендім?
- Сабақта не жақсы болды?
- Не кедергі жасады?
- Өзіне сабақтан нені алар едін?

Жұмыс орнын жинастыру.

Үй тапсырмасы:

Қазақ ұлттық ою-өрнек түрлерін зерттеуді жалғастырыңыз. Қазақстандық киім дизайнері Айти Бапанидін шығармашылығын қараныз. Шығармашылық эскиз орындау үшін келесі сабаққа А 4 форматтағы қағаз, акварель немесе гуашь бояуларын, бояу жаққыш және үшкір синтетикалық қылқаламдарды әкелініздер.



© 2010-2011